


«QazExpoCongress» ҰК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2024 жылғы 08 қазандағы № 9
шешімімен бекітілген



«QazExpoCongress» ҰК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2024 жылғы 08 қазандағы № 9
сырттай отырыстың шешіміне
3-қосымша

**«QazExpoCongress» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының
әлеуметтік саясаты**

1. Мақсаты

1. Осы «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының әлеуметтік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының жарғысына, «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне, «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) орнықты даму саясатына және оның қызметін реттейтін өзге де ішкі құжаттарға сәйкес, сондай-ақ БҰҰ Жаһандық шартының талаптарын, экологиялық және әлеуметтік факторларды, корпоративтік басқару факторларын (ESG-Environmental, Social, Governance), Жаһандық есептілік бастамасының орнықты даму саласындағы есептілік стандарттарын (gri стандарттары) ескере отырып әзірленді.

2. Саясат «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының әлеуметтік жауапкершілік саласындағы қызметін жетілдіруге арналған және Әлеуметтік саясат қағидаттарын айқындайды.

2. Қолданылу аясы

3. Осы Саясат әлеуметтік мәселелер және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мәселелері бөлігінде ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу кезінде қағидаттары ескерілетін Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады.

3. Терминдер мен анықтамалар

4. Осы Саясатта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- 1) **Қоғам** – «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;
- 2) **әлеуметтік жауапкершілік** – Қоғамның өз еркімен қабылдаған міндеттемелерін орындау және оның шешімдері мен қызметінің қоғамға және қоршаған ортаға әсері үшін жауапкершілігі;
- 3) **орнықты даму** – келешек ұрпақтың қажеттіліктерін шектеместен, бүгінгі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- 4) **мүдделі тарап (stakeholder)** – Қоғамның кез келген шешімдеріне немесе қызметіне мүдделі тұлға немесе тұлғалар тобы: жұмыскерлер, басшылық, жалғыз акционер, әріптестер, өнім берушілер, мемлекеттік органдар;
- 5) **қоршаған орта** – ауаны, суды, жерді, табиғи ресурстарды, адамдарды және олардың өзара байланысын қоса алғанда, Қоғам қызмет ететін табиғи орта;
- 6) **этикалық мінез-құлық** – белгілі бір жағдай контекстінде қабылданған қағидаттарға және дәстүрлерге сәйкес келетін, сондай-ақ халықаралық стандарттарға сәйкес келетін мінез-құлық;
- 7) **заңнама** – белгіленген тәртіппен қабылданған Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің жиынтығы;
- 8) **ESG-факторлары** – экологиялық және әлеуметтік факторлар, сондай-ақ меншіктің барлық нысандарындағы компаниялар мен ұйымдар өз қызметінде сақтайтын және институционалдық инвесторлар мен қаржыландырушы ұйымдарды өздерінің инвестициялық стратегиялары мен несиелік саясаттарында ескеретін корпоративтік басқару факторлары (ESG – Environmental, Social, Governance);

9) **GRI** – жаһандық есеп беру бастамасының тұрақты даму саласындағы есеп беру стандарттары (GRI-Global Reporting Initiative).

4. Әлеуметтік саясат қағидаттары

5. Қоғамның әлеуметтік саясат қағидасы – ашықтық, жүйелілік, әлеуметтік маңыздылық.

Бұл қағида Қоғамның өз шешімдері мен басқаларға әсер ететін іс-әрекеттерінде ашық болуға ұмтылатындығын білдіреді.

Қоғам:

- Қоғамның мақсаттары мен міндеттерін;
- жауапкершілікті, есептілікті және өкілеттіктерді бөлуді қоса алғанда, шешімдер қабылданатын, іске асырылатын және талданатын әдістерін;
- Қоғам өз қызметін бағалайтын стандарттар мен критерийлерді бідіретін саясатты, қабылданған шешімдерді және ол жауапты болатын қызметті түсінікті, теңдестірілген және шынайы түрде ашуды мақсат етеді.

Қоғамның әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясаты тұрақты сипатқа ие және оларды енгізу кезеңінде қажеттілігі салыстырмалы түрде жоғары салаларда әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға бағытталған.

Есеп беру

Есеп беру қағидаты Қоғамның өз қызметін жүзеге асыру нәтижесінде қоғамға және қоршаған ортаға әсер еткені үшін мүдделі тараптар алдында есеп беретіндігін білдіреді.

Қоғам қабылданатын шешімдер мен орындалатын іс-әрекеттер үшін жауапты болу міндеттемелерін өзіне қабылдайды, сондай-ақ қоғамға және қоршаған ортаға зиян келтірмейтіндей әрекеттерді орындау жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

Қоғам:

- қабылданған шешімдер мен қызметтің салдары үшін;
- ұйымның шешімдері мен қызметінің барлық мүдделі тараптарға елеулі әсері үшін жауап береді.

Этикалық мінез-құлық

Этикалық мінез-құлық қағидаты Қоғамның тұтастыққа, адалдыққа, теңдікке, ақылға қонымды басшылыққа, парасаттылыққа негізделген мінез-құлық стилін анықтайды.

Қоғам:

- этикалық мінез-құлық стандарттарын енгізуді ынталандыру және қолдау көрсету;
- өз қызметкерлері арасында этикалық мінез-құлық стандарттарын анықтау және тарату;
- мүдделер қақтығысын азайту;
- этикалық мінез құлық нормаларын қадағалау, бақылау және енгізу механизмін құру арқылы этикалық мінез-құлық стандарттарын қабылдайды.

Мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу

Мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу қағидаты Қоғамның өзінің мүдделі тараптарының мүдделерін құрметтеуі және қарауын білдіреді. Қоғамның әлеуметтік саясатын қалыптастыру және іске асыру мүдделі тараптармен жүйелі диалог жүргізу және тараптар мүдделерінің ақылға қонымды теңгерімі негізінде шешім қабылдау арқылы мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруі тиіс.

Құқықтық нормаларды сақтау

Құқықтық нормалар қағидаты құқықтық нормаларды сақтау талабын белгілейді. Қоғам өзіне қолданылатын заңдар мен қағидалар туралы хабардар болу үшін шаралар қабылдап, Қоғамдағы заңдар мен қағидалардың сақталуына жауапты адамдарға хабарлайды және олардың сақталатынын біледі, сонымен қатар Қоғамның қарым-қатынасы мен қызметі қолданыстағы құқықтық шеңберде жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Қоғам:

- өз қызметінің барлық салаларында заңнамалық және нормативтік актілердің талаптарын сақтауды;
- өзінің іс-қимылы мен қызметінің заңнамалық базаның талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуді;
- ішкі нормативтік базаның талаптарына сай болуын және оларды адал және бейтарап ұстануды міндетіне алады.

Адам құқықтарын сақтау

Қоғам өз қызметінің негізі ретінде халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын құрметтеуді және оларды қорғауды қабылдайды. Адам құқықтары қағидаты адам құқықтарының маңыздылығы мен әмбебаптығын мойындауды білдіреді. Қоғам Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қоғамның Корпоративтік этика кодексінде жазылған адам құқықтарын құрметтейді және осы құқықтарды қорғау және құрметтеу жөнінде шаралар қабылдайды.

Қоғам ұйым ішінде де, мүдделі тараптар арасында да адам құқықтарының сақталуына жауапкершілікпен қарайды және адамның ұлтына, жынысына, тіліне немесе басқа сипаттамаларына қарамастан құндылығын ескере отырып, осы құқықтардың бұзылуына қатысуға жол берілмейді деп санайды.

Тиімділік

Тиімділік қағидаты Қоғамның жүргізіліп жатқан әлеуметтік саясатқа тұрақты мониторинг пен талдауды жүзеге асыратынын, оның тиімділігін проблемаларды шешуге және елеулі көмек көрсетуге ықпал ететін функцияларды орындау тұрғысынан бағалайтынын, осы салада енгізілетін өзгерістердің салдарын болжайтынын білдіреді.

Балалар еңбегіне жол бермеу

Балалар еңбегіне жол бермеу қағидаты Қоғамның балалар еңбегін толық жоюды жақтайтынын білдіреді.

Жастай еңбек етуге араласқан балалар балалық шағын және өзінің қадір-қасиетін жоғалтады, жастай жұмысқа араласу баланың физикалық, әлеуметтік, психикалық, психологиялық және рухани дамуына зиянды. Балалар еңбегін пайдалану білім алу мүмкіндігінен айырып, нәтижесінде біліктілігі жоқ жұмыскерлер базасының қалыптасуына алып келеді.

Қоғам балалар еңбегіне жол бермеуге және ең алдымен, мұндай практиканың ең нашар нысандарын болдырмау бағытында үнемі күш-жігерін жұмсайтын болады.

ESG қағидаттары

Халықаралық қоғамдастық мойындаған стандарттарға, оның ішінде БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына, Есептілік жөніндегі жаһандық бастамаға (GRI) негізделген экологиялық тиімділік және қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік бағыт және адал корпоративтік басқару қағидаттарының кешені.

5. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы қызметтің негізгі бағыттары

6. Қоғамның әлеуметтік жауапкершілік саласындағы қызметінің негізгі бағыттары:

1) корпоратившілік:

- еңбек қатынастары;
- денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі;
- әлеуметтік қолдау шаралары.

2) қызметінің сыртқы бағыттары:

- істерді адал жүргізу;
- Қоғамның мүдделері мен имиджін сақтау;
- стейкхолдерлермен қарым-қатынас.

6. Еңбек қатынастары

7. Қоғам еңбек қатынастары саласында:

1) ұжымдық шарттар жасасу құқығын қолдайды және мойындайды;

2) мәжбүрлі және балалар еңбегін, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюға болысады;

3) өз қызметкерлерімен өзара қарым-қатынас үшін жауапты болады;

4) персоналды жалдау және еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде барлығының құқығын таниды және құрметтейді, оның ішінде:

- қандай да бір кемсітушілік пен мәжбүрлеусіз өз еркімен еңбекті таңдау немесе өз еркімен еңбек етуге келісу, өзінің еңбек ету қабілеттерін басқару, кәсіп пен қызмет түрін таңдау, қандай да болмасын балалар еңбегіне жол бермеуді жақтауды;

- жынысына, жасына, дене кемістігіне, нәсіліне, ұлтына, тіліне, мүліктік, әлеуметтік және лауазымдық жағдайына, тұрғылықты жеріне, дінге көзқарасына, саяси нанымына, тегіне немесе табына, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты қандай да бір кемсітушілікке ұшырамауды;

- қауіпсіздік және гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайларымен қамтамасыз етілуі тиіс;

- еңбек үшін әділ сыйақы алуды;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарын қолдайды.

8. Қоғамның қызметтің осы бағытындағы міндеттемелері:

- 1) еңбекақы төлеуге, жұмыс уақытына, апта сайынғы демалыс күндеріне, қауіпсіздікке, денсаулықты қорғауға және ана болуды қорғауға қатысты лайықты еңбек жағдайларын ұсыну;
- 2) тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- 3) жұмыскерлерге өз әлеуетін іске асыру мүмкіндігін ұсыну, сондай-ақ олардың кәсіби дамуын көтермелеу;
- 4) қолайлы жұмыс сағаттарын, бала күтімі бойынша жағдайлар, бала күтімі бойынша демалыс және т.б. сияқты еңбек жағдайларын ұсыну арқылы көрсетілген жұмыскерлердің отбасылық міндеттерін құрметтеу;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттемелер.

7. Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі

9. Денсаулық пен еңбек қауіпсіздігін қорғау – Саясаттың негізгі аспектілерінің бірі. Қоғам қауіпсіз еңбек жағдайларының жоғары деңгейін құру және сақтау моральдық ахуалды жақсарту алатынын, еңбек өнімділігі мен Қоғамға деген адалдықты арттыра алатынын түсінеді және мойындайды.

10. Қоғамның қызметтің осы бағытындағы міндеттемелері:

- 1) денсаулық пен еңбек қауіпсіздігі бойынша қажетті оқыту мен нұсқаулық жүргізу;
- 2) үздік әлемдік тәжірибелерді қабылдауға және оларға сәйкес болуға, ұлттық және халықаралық талаптарды мүлтіксіз сақтауға және еңбекті қорғауды басқару жүйесін ұдайы жетілдіруге ұмтылу;
- 3) басшылық пен жұмыскерлердің өз үлгісімен еңбекті қорғау қауіпсіздігінің маңыздылығын көрсете отырып, еңбекті қорғау мәселелеріне белсенді қатысуы. Сондай-ақ жұмыскерлерді ықтимал қауіптер туралы хабарлауға және жақсартуларды ұсынуға ынталандыру арқылы еңбекті қорғау іс-шараларына тарту маңызды;
- 4) жұмыс орындарын таза және тәртіпті ұстау, тиісті жарықтандыруды, желдетуді және микроклимат жағдайларын қамтамасыз ету, сондай-ақ жабдықтар мен техникаға тұрақты техникалық қызмет көрсету.

8. Әлеуметтік қолдау шаралары

11. Қоғамның қызметтің осы бағытындағы міндеттемелері:

- 1) Жұмыс берушінің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүргізу.
- 2) жұмыскерлерге ерікті медициналық сақтандыру жүйесі арқылы Қоғам есебінен сапалы қосымша медициналық қызметтер алу мүмкіндігін беру;
- 3) жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде сауықтыруға материалдық қолдау төлеу;
- 4) жұмыскерлерге балалардың тууы, некеге тұру және жақын туыстарының қайтыс болуы кезінде материалдық көмек төлеу жүйесін көздеу;
- 5) жұмыскерлерге емтихандар тапсыру және дипломдық жұмыстарды қорғау үшін қажет әлеуметтік демалыстар беру жүйесін және басқа да себептер бойынша

әрбір жұмыскердің жалақысы сақталмайтын демалыстар, оқу демалысы, жүктілік және босану бойынша демалыс, бала күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыс түріндегі немесе жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты объективті қажеттілігінің жүйесін қолдану.

9. Қоғамның мүдделері мен имиджін сақтау

12. Қоғамның қызметтің осы бағытындағы міндеттемелері:

1) жұмыскерлердің қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіне отырып, өз міндеттерін жоғары кәсіби деңгейде орындауы. Бұл өз міндеттерін орындауды, Қоғамның ішкі регламенттері мен стандарттарын сақтауды қамтиды.

2) өз жұмысында этикалық нормалар мен қолданыстағы заңнаманы сақтау. Бұл адалдықты, ашықтықты, әділдікті және серіктестер мен әріптестерді құрметтеуді білдіреді.

3) жұмыскерлердің Қоғамның іскерлік беделін құрметтеуі және қорғауы. Бұған ақпараттың құпиялылығын сақтау, Қоғамның имиджіне нұқсан келтіруі мүмкін жағдайлардан аулақ болу және мүдделер қақтығысының алдын алу кіреді.

4) ұжым ішінде және сыртқы әріптестермен ашық және сындарлы коммуникацияларды қолдау. Ынтымақтастық пен өзара көмек оң жұмыс атмосферасын құруға ықпал етеді және Қоғамның сенімді әріптес ретіндегі беделін нығайтады.

5) жұмыскерлердің өздерінің кәсіби дағдылары мен білімдерін үздіксіз дамытуға ұмтылуы. Бұл жұмыс сапасын жақсартуға, ең жақсы шешімдерді ұсынуға және Қоғамның бәсекеге қабілеттілігін сақтауға мүмкіндік береді.

10. Стейкхолдерлермен қарым-қатынас

13. Стейкхолдерлермен қарым-қатынас Қоғам қызметінің негізгі аспектісі болып табылады, өйткені олар оның табысы мен тұрақты дамуына тікелей әсер етеді. Стейкхолдерлерге жұмыскерлер, басшылық, жалғыз акционер, әріптестер, өнім берушілер, мемлекеттік органдар сияқты мүдделі тараптардың кең ауқымы кіреді. Қоғам құрмет, сенім және адалдық қағидаттарына сүйене отырып, өзінің барлық стейкхолдерлерімен ашық және өзара тиімді қарым-қатынасты сақтауға тырысады.

14. Қоғамның қызметтің осы бағытындағы міндеттемелері:

1) әрбір стейкхолдердің маңыздылығын мойындау және шешім қабылдау процесінде олардың мүдделері мен үміттерін ескеруге ұмтылу. Өз қызметінің барлық аспектілерінде әртүрлілікті бағалап, инклюзивті көзқарасқа ұмтылады.

2) өз қызметі, мақсаттары, саясаты және нәтижелері туралы уақтылы және дұрыс ақпарат бере отырып, барлық стейкхолдерлермен ашық байланыс арналарын қолдау.

3) ашықтық пен есеп берудің жоғары стандарттарын сақтауға ұмтыла отырып, стейкхолдерлер алдында өз іс-әрекеттері мен шешімдері үшін жауапкершілікті өз мойнына алу. Қоғам туындаған мәселелер мен проблемаларды шешу үшін диалог пен сындарлы өзара іс қимылға дайын.

4) негізгі стейкхолдерлермен өзара сенім мен құрметке негізделген ұзақ мерзімді қарым-қатынас орнатуға ұмтылу. Қоғамға да, оның әріптестеріне де пайда әкелетін бірлескен бастамалар мен жобалардың мүмкіндіктерін белсенді іздестіру.

11. Істерді адал жүргізу

15. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды қоса алғанда, істерді адал жүргізу мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау кезінде қажетті фактор болып табылатынын түсінеді және мойындайды.

16. Істерді адал жүргізу практикасы Қоғам жұмыс істейтін әлеуметтік және экономикалық ортаны сенімділік пен адалдықты арттыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мүдделі тараптардың шешім қабылдауы үшін сенімді ақпарат беру және адал ішкі корпоративтік қатынастарға қолдау көрсету арқылы жақсартады.

17. Қоғамның осы бағыттағы іс-әрекеттері:

1) сыбайлас жемқорлықтың, сондай-ақ формальдылықты, парақорлықты және бопсалауды оңайлатқаны үшін сыйақы алудың алдын алуға әсер ететін саясат пен практиканы қолдану және жақсарту;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды жүргізу;

3) Қоғам қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің орындалатын жұмысқа және біліктілік деңгейіне сәйкестік деңгейін көрсету;

4) өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай келетін әдістермен және тәсілдермен жүзеге асыру;

5) Қоғамның мемлекеттік бюджетке салықтар мен өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерін уақтылы орындау;

6) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл;

7) әділ бәсекелестік қағидаттарын сақтау;

8) Қоғамда жұмыстың жосықсыз әдістерін болдырмайтын қауіпсіздік шараларын қолдану;

9) орындалатын іс-әрекеттердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігінің маңыздылығына қатысты персоналдың хабардарлығын арттыру;

10) жаңылыстыруы, көрінеу жалған ақпарат беруі немесе оны жасыруы мүмкін қызметке қатысуға жол бермеу;

11) мүдделі тараптарға дұрыс ақпарат беру;

12) қабылданатын шешімдердің ашықтығын, жариялылығын және объективтілігін сақтау.

12. Қорытынды

18. Қоғамның осы Саясаты көпшілік үшін ашық болып табылады және корпоративтік интернет-сайтта орналастырылады. Қоғам мүдделі тараптар үшін корпоративтік интернет-сайттың тиісті бөлімінде, сондай-ақ Қоғамның орнықты дамуы жөніндегі жылдық есепте осы саясатты іске асыру нәтижелерін ұдайы ашып отырады.

Қоғам әлеуметтік бағдарланған мінез-құлық туралы шешімді дербес қабылдайды. Осы Саясат осы бағыттағы басты кадам болып табылады.

19. Қоғамның күш-жігері Саясат қағидаттары, негізгі аспектілері мен проблемалары Қоғамның әртүрлі құрылымдық бөлімшелеріне қолданылатын әдістерді анықтауға бағытталады.

20. Қоғам Саясатты біріктіру процесі күтпеген жерден немесе барлық негізгі аспектілер мен проблемалар үшін бірдей жылдамдықпен жасалмауы керек екенін түсінеді. Қысқа немесе ұзағырақ уақыт кезеңінде бірнеше әлеуметтік жауапкершілік проблемаларын шешу бойынша қабылданып жатқан шаралар шынайылық тұрғысынан талданатын болады және Қоғамның мүмкіндіктерін, қолжетімді ресурстар мен проблемалардың басымдықтарын ескеретін болады.

21. Қоғамның әлеуметтік саясат саласындағы қызметке жауапты жұмыскерлері осы Саясаттың ережелерін сақтамағаны үшін жауап береді.

22. Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшелері қажет болған жағдайда GRI стандарттары шеңберінде әлеуметтік аспектілер бойынша есептер ұсынады.

23. Осы Саясаттың ережелерін сақтамағаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен қолданылады.
